

ӘОЖ 114+115

Ғарифолла Есім

Қазақстан Республикасының Сенаты, Қазақстан, Астана қ.

**Ізгілік философиясына бастар жол**

**Андатпа.** Адамзат және әр адам үшін баға жетпес құндылық, ол - бейбітшілік. Сондықтан елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның бас қаласы Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу туралы ауқымды бастама көтеріп келеді. I съезд 2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде, II съезд 2006 жылдың 12-13 қыркүйегінде, III съезд 2009 жылдың 1-2 шілдесінде болып өтті. Съезде, негізінен, дінаралық төзімділік, әлемде бейбітшілік пен тұрақтылық орнату мәселелері қарастырылады. Осы мәселе төңірегінде нақты тәжірибелер талқыға түседі. Жиынға қатысушылар діни төзімділік, түсіністік, келісім, түсіністік пен өзара жарастықта өмір сүру деген ұғымдардың қоғам өміріндегі мағыналарына үңіледі.

Әлемдік және дәстүрлі діндер саясаттан аулақ тұрып, қантөгісті, соғысты үгіттемейді. Қай дін болмасын таза, болмысында соғысты жақтамайды. Қара жерге мамыражай тыныштық керек. Қысқаша айтқанда, мақсат: елдер арасындағы бейбітшілікті нығайтып, мемлекет ішіндегі бірлікті күшейту, соған жұмылып жұмыс істеу.

**Түйін сөздер:** дін, бейбітшілік, діни төзімділік, ізгілік, имандылық, әділеттілік.

Жуырда Сеулде ядролық қауіпсіздікке байланысты өткізілген халықаралық саммитте Қазақстанның жаһандық феномені туралы әңгіме болғаны жөнінде Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ақордада дипломаттармен өткен кеңесте былай деді «Небәрі 20 жылда еліміз аймақтағы және жаһандық саясаттағы маңызды рөлге ие болып, кең танымалдыққа қол жеткізді. Біз іс жүзінде ядросыз әлем үшін қозғалыстың көшбасшысы мәртебесін иелендік. Біз геосаяси кеңістіктің қазіргі заманғы жүйесінде бірегей және лайықты орын алдық. Біз бейбітшілік және ойластырылған сыртқы саясаттың нәтижесінде барша халықаралық серіктестеріміздің сенімі мен құрметіне ие болдық. Оған өзіміздің халықаралық бастамаларымыздың, міндеттемелерді нақты орындауымыздың, аймақтық және әлемдік істерге араласуымыздың арқасында қол жеткіздік. Осы орайдағы біздің міндетіміз – Қазақстанның осы бірегей халықаралық мәртебесін барынша нығайту».

Президент Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік

саясатта теңдесі жоқ ерлік жасады. Ол әлемдегі төртінші деңгейдегі қарудан өз еркімен бас тартты, сөйтіп ядролық қарусыздандыру дәуірінің алғашқы бетін іс жүзінде ашты.

Мағынасы ядролық қарудан да кем соқпайтын адамзаттың рухани қазынасы дін мәселесі де көреген саяси басшы назарынан тыс қалмады.

Дін арасы бұзылса ел арасы бұзыларын өмір көрсетіп отыр. Діндер арасындағы байланыс пен төзімділікті насихаттау шын мәнінде бейбітшілікке насихат.

Бейбітшілік дегенде, оның іргетасы – ізгілік. Ізгілік деген не? Ол имандылық, адамшылық, кісілік, парасаттылық, әділеттілік деген ұғымдардан тұрмақ. Ендеше, ізгілік мәселесінде дін және діндердің орны қандай дегенге келсек, адамзат тарихында ес жинағалы дінсіз дәуір болмаған, олай болса дінсіз өмір сүруге бола ма деген сауал да орынды. Кеңестік дәуірде біз діндерсіз ғұмыр кештік, ондай тәжірибеміз бар. Бірақ дінсіз өмір сүрген кезде адамдардың арасында қатігездік, мейірімсіздік, адамның адамды төзбеушілігі өсіп-өрбіп шығады екен. Дін жойылған кезде

адамға адам құндылық болмай қалуы қоғамдық тәжірибеде жиірек кездеседі.

Ізгілікке сұраныстан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу туралы бастаманы көтерді. I съезд 2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде, II съезд 2006 жылдың 12-13 қыркүйегінде, III съезд 2009 жылдың 1-2 шілдесінде болып өтті. Соңғы съезде жасаған баяндамасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев былай деді: «Қазір көптеген алпауыт елдер жаңа мыңжылдықпен еріп келген қауіп-қатерлерді жеңемін деп әскери қимылдарды өрістетуге күш салған. Бірақ, біздің Қазақстанда бейбітшілікті ту еткен басқа жол бар. Ол түрлі діндердің ғасырлар бойы жинаған мол жасампаздық тәжірибесін пайдаланып, Құдай сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді құралы ретінде пайдалануымыз керек.

Халықтарды бір-бірінен бөлетін теңіздер емес, надандық пен тілдердің бөлектігі де емес, араздық» деген қазақы қанатты сөз бар. Достық жоқ жерде араздыққа мүмкіндік мол болмақ. Сондықтан ізгілік, рақым, имандылық секілді мәңгілік ұғымдарды санаға дарыту арқылы адамдарды тазарту қажет. Адам түзелмей, заман түзелмек емес. Бүлінген заманды түзеу – адамның өз міндеті. Мінеки, біз бүгін осы жайында – адамзаттың бүгін мен ертеңгі тағдыры туралы кең отырып кеңесуге жиналып отырмыз».

Съездерге мемлекет басшылары, әлемнің ірі конфессия лидерлері, танымал саясаттанушылар, халықаралық ұйым өкілдері келіп қатысуы дәстүрге айналды.

Келесі төртінші съезге даярлық кезінде кейбір басылым беттерінде, бұл елімізде онсыз да мәселеге айналып отырған діни ахуалға кері әсерін тигізетін шара деген үстірт пікірлер де бой көрсетуде. Әрине, әркімнің өз пікірі бар, бірақ менің қадап айтарым біз съезге әлемдік және дәстүрлі діндердің көшбасшыларын шақырып отырмыз. Әлемдік және дәстүрлі діндер дінтану білімінде, діни тәжірибеде біршама анықталған түсініктер. Әлемдік діндерге буддизм, христиан және ислам діндері жатса, дәстүрлі діндер деп әр халықтың, елдің төл тарихымен біте қайнасып, әдет, дәстүр, салтына еніп, сол халықтың, елдің дүниетанымының феноменіне айналған діндерді айтамыз, мысалы, индуизм, иудаизм, синтоизм, конфуцийлік, т.б.

Құрылтайға жеке дін жолындағы адамдар ғана емес діндер көшбасшылары, тұлғалары келмек. Неге көшбасшылары? Өйткені олар дәстүрлі және әлемдік діндер турасында дұрыстап сөз айта алатын адамдар. Олар өз аймағында сұрыпталып,

беделді лауазымға жеткен, білімімен, қадір-қасиетімен қадірлі болған адамдар. Біз меймандар ретінде әр діннің қадірлі өкілдерін шақырып отырмыз. Бұл құрметті қонақтар.

Бұған қоса әңгіме не туралы болмақ? Біз нені насихаттаудамыз деген мәселенің басын ашып көрсету керек. Мақсат адамзатқа ортақ құндылықтарды насихаттау. Жаратушы адамды адам етіп, Абай айтқандай махаббатпен жаратты. Сол махаббатпен жаратқан адамға деген, оның діни сеніміне деген құрмет жасауды ешқашан естен шығармауымыз қажет. Ол, құрмет әр дінде бар. Бірақ әр діннің өзінің формуласы да бар. Сол формуладан шығып, енді өзге діндердегі де құндылықтарды қабылдай бастау деген керемет оқиға.

Дінаралық сұхбатта қажетті ұғымдар: Түсіністік пен келісім. Бұл екі сөзді әр дәуір өзінше ұғынды. Түсіністікті соғыс ашу үшін де пайдаланғандар бар. Өздерінің өктемдігін «түсіндіргісі» келгендер соғыс отын тұтатуды әдетке айналдырған, сол сияқты келісімді де өзінің зорлығын орнату үшін орнатқан елдер де болған. Бұл екі сөздің мағынасын діни тұрғыдан айқын сезінуге мүмкіндік бар. Әлемдік және дәстүрлі діндер саясаттан аулақ болса қантөгісті, соғысты үгіттемейді. Қай дін болмасын таза, болмысында соғысты жақтамайды. Діндердің арғы өзегіне бойласаңыз, түсіністік пен келісімді өмір сүрудің бақытты екенін насихаттаумен келген. Рас, әлемдегі көптеген қантөгістердің негізгі себепкері де дін болғанын да жоққа шығара алмаймыз. Оған – тарих куә. Бүгінде ол түйткіл түбегейлі шешімін тапқаны жоқ. Әлі де болса дін атын жамылып, тұтас жұртқа дүрдараздық тудырып, әлемді билеп-төстегісі келетін жандар, топтар, саясатшылар да аз емес. Қара жерге мамыражай тыныштық керек. Елбасы не үшін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының басын қосып, ауқымды мәселелерді талқылап келеді. Мақсат: елдер арасындағы бейбітшілік, мемлекет ішіндегі бірлік.

Адамзат және әр адам үшін баға жетпес құндылық, ол БЕЙБІТШІЛІК. Сондықтан, әлемдік және дәстүрлі дін басшылары өздерінің дінін уағыздауды мақсат тұтпақ емес. Оған мүмкіндік те жоқ. Съезде негізінен дінаралық төзімділік сөз болады. Осы мәселе төңірегінде нақты тәжірибелер талқыға түседі. Жиынға қатысушылар діни төзімділік, түсіністік, келісім дегендердің қоғам өміріндегі мағыналарын жақсы біледі. Діни негізде жаулау-судың, атыс пен шабыстың зор қасірет екенін әлем халықтары өткен тарихтан да, бүгінгі кейбір діни келіспеушіліктер ушыққан

аймақтардан көріп-біліп отыр. Ендеше, бұл мәселе туралы ауқымды жиналыстың біз үшін ғана емес, тұтас әлем үшін қажет екені анық. Мұндай бастама неге басқа елдерде болмады дегенге келсек? Оның да себептері бар. Көптеген елдерде бір ғана дін үстем, ондай жағдайда өзге дінге төзімділік таныту дәстүрі қалыптаспаған. Қазақ елінде көптеген діни конфессиялар бар. Ол конфессиялардың әлемдік және дәстүрлі діндер мен табиғи байланысы бар. Демек, дінаралық сұхбат Қазақстан үшін және өзге елдер үшін де қажеттілік. Бұған қоса айтарым Қазақстан зайырлы мемлекет. Жаңа қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 3 бабының 3 тармағында «Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді» деп көрсетілген. Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептердің 9 сыныбында «Дінтану» пәні сабақ ретінде өтіледі.

Дінді мәдени құбылыс, мәдениеттің феномені деп қабылдау елімізде қалыптасқан түсінік. Сондықтан діндер арасындағы толеранттылық туралы жоғары дәрежеде, халықаралық деңгейде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайын өткізуге елімізде қажетті жағдай қалыптасқан.

Қазақ елінің дәстүрлі діні – Ислам. Оны ешқашан естен шығармаймыз. Астанада өтіп келе жатқан әр реткі құрылтайда дәстүрлі Исламның негізі туралы, оның құндылықтары жайлы сөз болып келеді. Әлемге Исламды, Исламға әлемді қарсы қоймаудың, бұл дін – бейбітшілік діні екенін ортаға салып келеді. Алдағы съезде де бұл

мәселе айрықша қаралады деген ойдамын.

Байқаған боларсыздар, жылдан-жылға бұл съезге әлемнің көңілі ауа бастады. Алғашында 2003 жылғы I съезге 17 делегация қатысса, 2006 жылы II съезге 20 елден 43 делегация, ал 2009 жылы 35 елден 77 делегация ат салысты. Енді осы жылы мамырдың 30-31 күндері IV съезді өткізуге дайындық жүріп жатыр. Бұрынғыға қарағанда, әлемдік ақпарат құралдары, дінтанушылар, дін өкілдері Қазақстанның бастамасына баса назар аударатын болды.

Бұл съезд қазақ елінің сыртқы имиджіне сөзсіз қызмет ететін халықаралық деңгейдегі шара. Сонымен бірге, ол еліміздегі діни конфессиялардың жұмыстарына өркениеттік қарқын беретін тарихи сабақ. Діни төзімділік бар елдерде ғана өркендеу, осу болатыны баршаға аян.

Өткен үш съездің хаттамалары, қабылданған құжаттары, оларға қатысқан делегаттардың баяндамалары, ұсыныстары жинақталып жұртшылық назарына ұсынылған. Алдағы уақытта да солай болмақ. Оған қоса съездерге қатысты отандық және шет елдік мамандардың, теологтардың, ғалымдардың мақалалары басылым беттерінде жарық көруде. Осылардың бәрі дінтанушылар, діни конфессия жетекшілері, насихатшылары үшін құнды ғылыми-практикалық қажетті құжаттар болмақ.

Бүгінде осындай бағыттағы еңбектерді зерттеп, ұғындыруға күш салушы, зерттеуші, насихатшылар қалыптаса бастады. Бұл қуанарлық жайт, ізгілік философиясына бастар жол. Бұл – біздің жеңісіміз. Бұған дейін әлемде болмаған оқиға.

#### Гарифолла Есім Путь к философии добра

В статье рассмотрены проблемы межрелигиозной толерантности, актуализирующие необходимость совершенствования межрелигиозной гармонии, взаимного уважения, предупреждения и избегания конфликтов на религиозной почве. В решении этих проблем отмечена инициатива Президента Н.А. Назарбаева о проведении в Казахстане Съезда лидеров мировых и традиционных религий. Раскрыта роль совместного сотрудничества и обмена опытом участников Съезда в лице видных религиозных деятелей, известных теологов, политиков и общественных деятелей в становлении мира и стабильности в Казахском обществе.

**Ключевые слова:** религия, мир, религиозная толерантность, добро, вера, справедливость.

#### Garifolla Esim The way leading to the philosophy of blessing

In the article there are considered the problems of interfaith tolerance, associated with the need to improve interreligious harmony, mutual respect, prevention and avoidance of conflicts on religious grounds. In solving these problems noted the initiative of President N.A. Nazarbayev on carrying out in Kazakhstan of the Congress of leaders of world and traditional religions. Disclosed the role of the joint cooperation and exchange of experiences of the participants of the Congress in the face of eminent persons religions, well-known theologians, politicians and public figures in the establishment of peace and stability in Kazakhstan society.

**Keywords:** religion, peace, religious tolerance, good, faith, justice.